

СӨЗДІК ҚОР

сәлем – привет

сәлемдесу – приветствовать

қол беріп амандасу – поздороваться за руку

әскери сәлемдесу – военное приветствие

сәлемдесу әдебі – приветственный этикет

кұрметтің белгісі – знак уважения

сәлемдесу - өмірлік әдеп – приветствие - жизненная этика

мәдениет – культура


сыпайылықтың белгісі – знак вежливости

сырқат адам – больной человек

ақсақ киік – хромо́й олень

оқшау қала – изолированный город

арыз – заявление



1. Бүгінгі тақырыбымыз қандай деп ойлайсыздар?

2. Сіздерге қайсы елдің сәлемдесу әдебі ұнады? Ұнаса неліктен?

СӘЛЕМ - СӨЗДІҢ АНАСЫ

**Фонетика. Үндестік заңы.
Дыбыс үндестігі.**

Сәлем сөздің – анасы. Қазақ халқында сәлемдесу дәстүрі ерекше құрметтің, ілтипаттың белгісі. Сәлемдесудің өз әдебі, жөн-жосығы бар.

Сырқат адамға сау кісі бірінші амандасады.

2. Атта отырған адам жаяу адамға бірінші сәлем береді.

3. Көпшілікке ат үстінде отырып амандасуға болмайды. Аттан түсіп сәлемдесу керек. Бүгінгі таңда ат орнына автокөлік немесе велосипед те кіреді.

4. Алғашқы кездесу барысында ер адамдар қол алысып қана амандасса, қыздардың бас изегені дұрыс.

5. Сәлемдескенде орнынан тұрып, ізет білдіру – сыпайылықтың белгісі.


Осы секілді сәлемдесудің салтын біліп алғанның артықшылығы жоқ. Сәлемдесу өткінші емес, өмірлік әдеп.



ӘСКЕРИ СӘЛЕМДЕСУ



Әскери сәлемдесу туралы не білесіз?



ФОНЕТИКА.ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ.ДЫБЫС ҮНДЕСТІГІ.

Ә Ғ Қ Ң Ұ Ү У Ө І Һ
 ↓ ↓ ↓ ↓ ↓ ↓
 А Г К Н У Ы Х

А	О	Ұ	Ы	
Ә	Ө	Ү	І	Е

ҚАЗАҚСТАН
 КЕРЕМЕТ

**СИНГОРМАНИЗМ
 ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ**

ТЕЛЕВИЗОР

ТЕЛЕФОН

Ө
 Е
 И
 І

Дауысты дыбыстар

Тілдің қатысына қарай (по положению языка)

Жуан (твердые)

А, о, ұ, ы

Жіңішке (мягкие)

Ә, е, ө, ү, і

Жақтың қатысына қарай (по участию губ)

Ашық (широкие)

А, ә, е, о, ө

Қысаң (узкие)

Ұ, ү, ы, і

Еріннің қатысына қарай (по степени раскрытия рта)

Еріндік (губные)

О, ө, ұ, ү

Езулік (негубные)

А, ә, е, ы, і

Дауыссыз дыбыстар

Қатаң (глухие)

**П, ф, к, қ, с, т,
ш, щ, х, ц, ч**

Ұяң (звонкие)

**Б, в, г, ғ, д, ж, з,
һ**

**Үнді
(сопоруые)**

М, н, ң, й, л, у, р

Сөздің соңғы буыны:

1. Жуан – А О Ұ Ы Қ Ғ
2. Жіңішке – Ә Ө Ү І К Г Е

Жұрнақ немесе жалғау:

1. Жуан – А О Ұ Ы Қ Ғ
2. Жіңішке – Ә Ө Ү І К Г Е

ЖҰМЫС+ҚА, ТА, ТАҢ, ТАР, ТЫ, ТЫҢ, ПА
МЕМЛЕКЕТ+КЕ, ТЕ, ТЕҢ, ТЕР, ТІ, ТІҢ, ПЕ

ҮНДЕСТІК
ЗАҢЫ

Сөздің соңғы буыны:

1. Ұян
2. Үнді
3. Қатаң
4. Дауысты/үнді

Жұрнақ немесе жалғау:

1. Ұян
2. Үнді
3. Қатаң
4. Дауыссыз/үнді

ДЫБЫС
ҮНДЕСТІГІ

ҚАҒАЗ+ДАР (З+Д); ДӘПТЕР+ДЕР (Р+Л); КІТАП+ТАР (П+Т); БАЛА+ДАР (А+Л).

**Жуан үндесім (созвучие
твердых звуков)**

Ғалым, маман, ақын,
домбыра, бұрыш

**Жіңішке үндесім
(созвучие мягких звуков)**

Зерттеуші, әнші, әріптес,
әкім, өндіріс



**Жуан үндесім (созвучие
твердых звуков)**

Су+ға (в воду) ми+ы (его
мозг)
Ру+дан (из рода) бу+дан (из
пара)
Ту+ым (мой флаг) шу+лар
(шумы)

**Жіңішке үндесім (созвучие
мягких звуков)**

Ти+ме (не трогай)
Би+лер (танцы)
Ши+ге (к соломинке)

1-тапсырма. Дұрыс жалғауды табыңыз.

Алма (-лар, -лер), өрік (-тар, -тер), жеміс (-тер, -тар), шие (-лер, -лар), алмұрт (-тар, -тер), сәбіз (-дер, -дар), сатушы (-лар, -лер), баға (-лер, -лар), базар (-лер, -лар).

2-тапсырма. Үлгі бойынша жазыңыз.

Қалам, сөз, бала, сары, піл, сағат, саусақ, әріп, терезе, сегіз, жалғау, күлгін, елу, қызыл, құс, жапырақ, гүл, бөлме, алмұрт, бір.

Жіңішке буынды сөз
Сөз

Жуан буынды сөз
Қалам

3-тапсырма. Өлеңнен қатаң дауыссыздарды тауып белгілеңіз.

*Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!*

*Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!*

4-тапсырма. Ұяң дауыссыздарды бір сызықпен, үнді дауыссыздарды екі сызықпен сызыңыз.

*Мен кітап оқығанды жақсы көремін.
Бос кезімде спортпен шұғылданамын.
Бақшада гүлдің түр-түрі бар.*

Фонетикалық талдау жасаңыз

Әскери сәлемдесу.

Мәдениет.

Сәлемдесу - өмірлік әдеп.

Сыпайылықтың белгісі.

Сәлемдесу әдебі.



Ақсақ киік

Басқаларынан оқшау қала бастаған жаралы киік оқ тигеніне қарамастан, шоқақтап келеді. Құс сияқты қанаты болмаса да, жерден биік көтеріле алмаса да, жас киік әлі ширақ көрінеді. Бірақ киік пен шапқан аттар арасындағы қашықтық бірте-бірте қысқара түсті.

Кедей ауылдың сыртында ойнап жүрген топ бала бұл көрініске таңырқай қалыпты. Киіктер көзден таса болып, қуғыншылар әбден көрінбей кеткенше топ бала аттылар соңында қалған бозғылт шаңның сүреңіне қарады да тұрды. Әсіресе, топ ішіндегі жасы онға жаңа келген қыз бала әлгі көрініске зер сала қарады. Жас болғанымен оның жүрегінде әлде бір аяныштың ізі қалып қойғандай еді.

**Мәтіндегі дауысты дауыссыз
дыбыстарды бөліп жаз**

МАҚАЛДЫ ЖАЛҒАСТЫР.

1. Сәлемсіз кісі ...

2. Бір күн дәм татқанға ...

3. Сәлем — ...

4. Елде қырық кісі бар ...

5. Бір күн танысқа ...

6. Сәлемі түзудің ...

7. Сәлем түзелмей ...

8. Сәлем берген ...

9. Сәлемдесе білу де ...

10. Әдепті елдің баласы
алыстан ...

Үлгі.

Үйге тапсырма

Арыз үлгісін оқып, мәтіндегі соңғы сөйлемге фонетикалық талдау жасаңыз.

Алматы қаласы,
«Меруерт» дүкені-ның директоры
Б. А. Мұратова-дан

Алматы қаласы,
Қастев көшесі, 12 үй, 2 пәтер-дың
Тұрғыны (Тел: 8 701 678 753 543)
Құралай Мақсатқызы-нан

АРЫЗ

Менің сізге арыз жазу себебім, 2010 жылдың 18 қаңтар күні сағат 14.00-де Төле би мен Әуезов көшелерінің қиылысындағы «Меруерт» дүкенінен 1 литрлік «Айналайын» сүтін (майлылығы 6%, бағасы 250 теңге, қолданылу мерзімі: 01.01.11, сериясы: 56297532, чек бар) сатып алған болатынмын. Оның сапасы төмен, жарамсыз болып шықты. Қолымдағы чекпен сатушыға (Б.С.Жоламановаға) келіп сүтті ауыстырып беруін немесе ақшасын қайтаруды талап еттім. Бірақ менің талабым қанағаттандырылмады. Сол себептен осы мәселеге байланысты шара қолдануыңызды сұраймын.

19.01.10

(Қолы)-----

Назарларыңызға рахмет